

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

15июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART II

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.**
– Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.
Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.
Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities»
Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

САЛЫҚТЫҚ ӘКІМГЕРШІЛІК ТӘРТІБІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кушербаев Б.П., Жуманбаева Д.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, қ. Қазақстан.

E-mail: Mr.Bagdat@mail.ru, dinara_k90@mail.ru

Қазіргі кездері салықтық әкімгершіліктің аса таралған тәсіліне баламаларды реттеу тәсілі – салық салушыларға оның қызметін жүргізудің заңмен рұқсат етілген әртүрлі заңды формалары, есеп жүргізу және құрастыру тәртібі мен есеп беру, салықты төлеу бойынша міндеттемені қолдану әдісі, салықтық жеңілдіктерді қолдану және тарату және т.б. арасынан таңдау еркіндігін ұсыну тәсілі айналып барады. Кейбір мемлекеттерде салықтық әкімгершіліктің мәжбүрлі, күш салу тәсілдерінің орынан салық салушымен ынтымақтау (достық серіктестік) қатынасына көшуде [1].

Жоғарыда аталғандардан басқа, салықтық әкімгершілік тәсілдеріне салықтық жоспарлау, салықтық реттеу және салықтық бақылау жатады, ол 1 -суретте бейнеленген.



1 - Сурет – Салықтық әкімгершіліктің негізгі тәсілдері

Салықтық жоспарлау салықтық әкімгершіліктің бір функциясы ретінде бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін салық және жинақ түрінде айыру көлемін анықтауға және салықтық жүктемені оңтайландыруға бағытталған.

Салықтық жоспарлаудың мақсаты – бұл бар қаржылық ресурстарды анықтай отырып, бюджеттік түсімдерді қамтамасыз ету, сонымен қатар салықтық бақылау мен реттеуді оңтайландыру.

Салықтық жоспарлауға мыналар жатады:

- салықтық түсімдер болжамы және курстың ауытқуы;
- экономикалық қызметпен айналысатын және олардың негізінде бюджеттік кірістер есептелетін субъектілердің белсенділігін бағалау.

Мемлекеттік салықты жоспарлау биліктің барлық деңгейлі бюджет пен бюджеттік қорлардың салықтары бойынша ағымдағы орындау процесінде заңмен белгіленген сандық және сапалық көрсеткіштердің (салық тактикасының) орындалуын, сондай-ақ қабылданған салық тұжырымдамасына (салық стратегиясына) сәйкес мемлекеттің экономикалық және салық саясатының ұзақ мерзімді бағыттарының іске асырылуын қамтамасыз етуге шақырады. Соңғы есепте, мемлекеттік салықты жоспарлаудың негізгі мақсаты олардың барлық түрлері бойынша салық түсімдерінің жоспарланған көлемдерінің барынша көп жиналуын қоса алғанда, салықпен барлық өзінің функцияларын іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік салықты жоспарлау салық әлеуетінің берілген параметрлері шеңберінде салық түсімдерінің максималдық ықтимал көлемін қамтамасыз етуге және салық функцияларын іске асыруға бағытталған сәйкес мемлекеттік органдардың экономикалық негізделген (оңтайлы) салық параметрлері мен шешімдерін анықтау түрлері мен әдістерінің жиынтығын көрсетеді.

Салықты жоспарлау мақсаттарына бір жағынан салық ауыртпалығының деңгейі мен құрылымын, ағымдағы бюджеттік жылда салық және салық салу жүйесінің құрамы мен құрылымын, салық бақылауы тиімділігі мен салықтың жиналуының жоғары деңгейін қолдау перспективасын оңтайландыру негізінде, ал екінші жағынан, мемлекеттің өспелі қаржылық қажеттіліктерінің заңын ескере отырып қол жеткізу мүмкін. Бұл ретте салық түсімдері көздерінің құрылымын да ескеру маңызды.

Сонымен, қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі бюджеттік түсімдер ұйымнан салықтар есебінен, ал жанама салықтар есебінен олардың құрамында – жанама салықтар есебінен, сонда дамыған елдердің көпшілігінде керісінше – жеке тұлғалардың салықтары мен тікелей салық төлемдері есебінен қамтамасыз етіледі. Салықтық алып тастаудың объективті шекті деңгейі (әр ел үшін ол жеке) салық ауыртпалығын ұлғайту негізінде өзінің табыстарын ұлғайтуға мемлекет мүмкіндіктерін шектейді. Осыған байланысты, ғылыми салықты жоспарлаудың маңызды проблемасы заңнамалық және орындаушы үкіметтің мемлекеттік органдарының нақты тәжірибелік әрекеттерге қарсы әрекет етуші екі заңдылықтарын ескеретін компромиссті шешімдерді іздеу болып табылады [2].

Бүгінде, Қазақстанда шаруашылық жүргізуші субъектіге салық жүктемесінің шамасын есептеудің жалпыға ортақ қабылданған әдістемесі жоқ, ғылыми әдебиетте компанияның салық ауыртпалығын анықтаудың бірнеше әдістемесі кездеседі. Осы әдістемелердің айырмашылығы негізінен салық жүктемесін есептеуге енгізілетін салықтың қандайда бір санын пайдалануда, сондай-ақ есеп кезеңінде салықтың жалпы сомасы салыстырылатын біріктірілетін көрсеткішті анықтау тәсілінде көрінеді.

Салыстыру үшін қандай түсімді пайдалану қажет: тек өткізуден түсетін түсімді немесе оған экономикалық субъектінің басқа табыстарын қосу; түсім-брутто немесе түсім-нетто сұрақтары тұындайды.

Осыған орай кәсіпорында екі – үш әдістеменің көмегімен алынған нәтижелерді ағымдағы немесе ретроспективті салық жағдайын толық сипаттайтындай қолдану мақсатқа сай.

Салық жүктемесін анықтау әдістемесін қарастырамыз және талдаймыз.

ҚР Қаржы министрлігінің Салық саясаты Департаментінің әдістемесіне сәйкес салық ауыртпалығының ауырлығы өнімді өткізуден (жұмыс, қызмет) түсетін түсімге кәсіпорынмен төленетін барлық салыққа қатынасымен бағаланады.

Аталмыш қатынасты келесі формуламен сипаттайды:

$$ССБ = (ССж / Тж) \times 100\% \quad (1)$$

мұндағы ССБ - салық ауыртпалығы;

ССж - салықтың жалпы сомасы;

Тж - өткізуден түсетін түсімнің жалпы сомасы.

Бұл әдістеме өткізуден түсетін түсімдегі салық үлесін анықтауға мүмкіндік береді, алайда ол экономикалық субъектінің қаржылық жағдайына салықтың ықпалын сипаттамайды, себебі өткізуден түсетін түсімге әр салықтың қатынасын ескермейді.

Сонымен қатар экономикалық әдебиеттерде көптеген есептеу әдістері көрсетілген, осыдан Е.А. Кирова әдістемесі бойынша абсолютті және салыстырмалы жүктемені құру ерекшелігін қарастырамыз. Абсолютті салық жүктемесі – бұл бюджетке аударуға жататын салықтар мен алымдар, яғни мемлекет алдында салық міндеттелінің абсолютті шамасы. Бұл көрсеткіштерге бюджетке іске енгізілген салық төлемдері мен бюджеттен тыс қорларға аударылған міндетті сақтандыру жарналары енгізіледі. Абсолюттік салық жүктемесін есептеуге жеке тұлғалардың табыс салығы қосылады, салық төлеушілері осы салық жеке тұлға болып табылады, ал кәсіпорын бюджетке осы төлемдерді және жанама салықтарды ғана аударады [3].

Салыстырмалы салық жүктемесін Е.А. Кирова қосылған құннан амортизацияны кеміту жолымен анықталатын қайта құрылатын құнға әлеуметтік қажеттіліктерге (абсолютті жүктемеге) салық төлемдері мен аударымдарды салыстыру жолымен есептеуді ұсынады.

Қайта құрылған құны келесі формула бойынша есептеледі:

$$BCC = B - M3 - A + BД - BР \quad (2)$$

немесе

$$BCC = OT + CO + П + НП \quad (3)$$

мұндағы BCC – қайта құрылатын құн;

B – тауарларды (жұмысты, қызметті) өткізуден түсетін түсім;

M3 - материалдық шығындар;

A - амортизация;

BД – өткізуден тыс табыстар;

BР – салық төлемдерін есепке алмай өткізуден тас шығындары;

OT - еңбекақы;

CO – әлеуметтік қажеттілік аударымдары;

П – кәсіпорындары пайдасы;

НП – салық төлемдері.

Салыстырмалы салық жүктемесі (ДН) келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$ДН = ((НП + CO) / BCC) \times 100\% = ((НП + CO) / (OT + CO + П + НП)) \times 100\% \quad (4)$$

Осы әдістеменің артықшылықтары қайта құрылатын құн шамасына төленген салықтар әсер етпейтінінде қорытындыланады; есептеуге ұйыммен тікелей төленетін барлық салық төлемдері енгізіледі; есептеудің дұрыстығына қандайда бір салаға қатысты, сондай-ақ ұйым масштабтары әсер етпейді. Осылайша, Е.А. Кировамен ұсынылған әдістеме нақты шаруашылық жүргізуші субъектіне қолданылады.

Осы әдістеменің басты кемшілігі салықтар, олардың мөлшерлемесі мен жеңілдіктер санының өзгеруіне байланысты көрсеткіш өзгерістерін болжамдау мүмкіндігінің болмауы болып табылады.

М.И. Литвин әдістемесі салық және басқа міндетті төлемдер санымен, сондай-ақ экономикалық субъект салықтарының құрылымымен және салықты алу механизмімен салық жүктемесінің көрсеткішін байланыстырады [3].

Осы әдістемемен сәйкес салық жүктемесінің көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

$$T = (ST / TY) \times 100\% \quad (5)$$

мұндағы T – салық жүктемесі;

ST – салық сомасы;

TY – салық төлеудің құралдар көзінің мөлшері.

Автордың ойынша, салықтың жалпы сомасына жеке тұлғалар табысына салық есебімен барлық төленетін салықтарды енгізу қажет. Салық төлемінің құралдар көзі ретінде экономикалық субъектінің табысы алуан нысанда танылады: өткізуден түсетін түсім, қалыптасу процесіндегі пайда, бөлу процесіндегі пайда, қызметкерлердің табысы және т.б.

Экономикалық субъектінің жалпы көрсеткішінен басқа әдістемеде нақты төлем көздерімен жеке салықтар мен салық топтарының арақатынасы белсенді қолданылады. Осы көрсеткіштер көмегімен экономикалық субъектінің салалық ерекшелігіне байланысты тиімді салық жүктемесін анықтауға болады.

Мұндай талдау іс жүзінде бағалы мәліметтер береді. Ол қосылған құнның қандай бөлігі салыққа кететінін және қанша пайда салық төлеуге шығындалатынын көруге мүмкіндік береді. Аталмыш тәсіл нақты кәсіпорынның ерекшеліктерін, яғни материалдық шығын, амортизация, қосылған құнға еңбек шығындарының үлесін ескереді.

Алайда жеке тұлғалар табыстары мен қызметкерлердің табысын салық жүктемесінің есебіне енгізу дұрыс емес.

Салықтық жоспарлау әдісінің арқасында кәсіпорынның салық жүктемесінің қысқаруының үлкен мүмкіндігі болады.

Сепаративтік әдістер бір бірімен жиынтықта өзара әрекет етпейді және қысқа мерзімді, олар шаруашылық жүргізуші субъектілерімен осы «салық схемаларын» қолданар алдында тұратын белгілі бір, нақты проблемаларды шешуге бағытталған.

1. Қатынастарды бөлу әдістемесі азаматтық құқықта қалпына келтіру, қарапайым шаруашылық операцияларын бір күрделі қатынасқа бөлуге негізделген, мысалы, ғимаратты қайта құру.

2. Қатынастарды ауыстыру әдісі. Аталмыш жағдайда ауыртпалық салушы салық салуды қарастыратын операция қандайда бір барынша жақын мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін операцияға ауыстырылады (комиссия шартының ақылы қызметтер шартына ауыстыру).

3. Салық төлемінің мерзімін кешіктіру әдісі (салық салу объектісінің туындау сәтінен және күнтізбелік кезеңмен тығыз байланысты) кейінгі салық кезеңдерге салық салу объектісінің туындау сәтін ауыстыруға мүмкіндік береді.

4. Салық салу объектісін тура қысқарту әдісі бірқатар салық салу операциялары мен салық салынатын мүліктен арылуды білдіреді.

5. Жеке заңды тұлғаны құру немесе салық салудың жеңілдікті режимі аймағы пайдасына өндірістік қуаттардың өзін ауыстыру түрінде кәсіпорын шешімдерін қабылдау орталығын немесе өткізу басқармасын ауыстыру әдісі (салық федерализмінің принципіне негізделген).

6. Салық төлемдерінің мөлшерін азайту үшін берілген мүмкіндіктерді барынша пайдаланумен есеп саясатын қабылдау әдісі.

7. Халық шаруашылығының алуан салалары мен салық төлеушілері топтары үшін заңды белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды қолдану әдісі.

Жадайлық салықты жоспарлау әдісі – кез келген кәсіпорын үшін ең

Осы әдістің әлсіз жағы оның көп нұсқалығы болып табылады, себебі заманауи өнеркәсіп кәсіпорны өз қызметінде өнімнің алуан жоспарлы және кең саралануымды сұрыпталыным шығарады. Сондықтан, біртекті болмайтын өндіріс процесінде кәсіпорынның шаруашылық байланыстарының жиыны болады, сондықтан кәсіпорын қызметін салық аударымдары тұрғысынан тиімді жоспарлау үшін жоғары өнімді есептеуіш кешенімен сыртқы ортамен кәсіпорынның өзара әрекеттерінің барлық ықтимал түрлендірудің қор массивін талдау қажет.

Мәмілелер немесе өзге шаруашылық операцияларын ресімдеу нәтижелері мен салық төлемдерінің сомасымен сандық тәуелділіктерін анықтау және өлшеу үшін салықты жоспарлаудың жағдайлы әдісі сандық баланс әдістерімен толықтырылуы мүмкін.

Әдебиет:

1. Қалдыбаев, Е. Қ. Салықтық бақылау: теориясы және жүргізу әдісі: ЖОО студ. арналған оқулық / Е. Қ. Қалдыбаев, Л. К. Матқаримова. - Алматы : ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 288 б.

2. Ахметов, Ж. Б. Салық жүйесі және салық құқығы «NSNP 3302»: оқу-әдістемелік кешені / Ж. Б. Ахметов. - Электрон. текстовые дан. (2,85 Мб). - Алматы : ҚазЭУ, 2013. - 162 б.

3. Худяков, А. И. Налоговое право Республики Казахстан: Общая часть: учебник / А. И. Худяков. - Алматы : ТОО «НОРМА-К», 2013. – 512 с.